


ТУРИСТЕРДІҢ
ТАҢДАУЫ –
ТҮРКИЯ

6-бет



ҮКІМ БҮГІН
ОҚЫЛАДЫ...

8-бет



ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып,
ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртеккің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ
28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.

Ал, іске сәт!



ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№37 (3568) 23 мамыр 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРТАЙҒАН ҚОҒАМНЫҢ ҚАУШІ ҚАНДАЙ?



«Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Қария – ағып жатқан ақыл дария», «Ел қариясы – ел қазынасы» деп жалғаса кететін үлкендер жайлы ізгілікке толы тәмсілдер легі баршылық. Халқымыздың түсінігінде үлкенді сыйлау, өнегелі өмір жолынан үлгі алу, алдарын кеспеу, сөзін зейінмен тыңдау секілді тәрбиелік амалдар ізгі істер қатарында.

(Соңы 3-бетте)

ЗАҢ ЖОБАСЫ

ҚОРҒАУ АКТИСІ - ПРОКУРОР МЕН АДВОКАТТЫҢ МҮМКІНДІГІН ТЕҢЕСТІРЕДІ

Еліміздегі бірқатар қылмыстық заңнамадағы жұмыс істемейтін немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін баптар алынып тасталады. Бұл шара Мемлекет басшысының былтырғы жолдауында берген тапсырмасына орай жүзеге асып отыр. Осыған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасы дайындалып, Парламент Мәжілісінде бұл жаңа құжаттардың тұсауы кесілді.

Құжатты Әділет вице-министрі Алма Мұқанова таныстырды. Алма Қайратқызының айтуынша, басты мақсат азаматтардың құқығын қорғауды арттыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бизнес істеріне өз бетінше араласу фактілеріне және лауазымдық өкілеттікті теріс пайдаланудың өзге де нысандарына жол бермеу, азаматтарды қылмыстық процестің орбитасына барынша аз тарту, осы үрдіс кезінде шындықты анықтауға қажетті рәсімдерді оңтайландыру, қылмыс жасағаны үшін жүктелді.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

САЛТЫН БІЛМЕГЕН САУАПТЫ ТҮСІНБЕЙДІ



Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін насихаттау кезінде соңғы жылдары қазақ үйдің төріне қасқыр мен түлкі терісін ілу барлық жерде әдетке айналып кетті. Мұндай жағдай тіпті музейлер мен этномәдени орталықтарда да көрініс табуда. Оны кім, не үшін ілгенін сұрасаң біреулері қонақтарымыз бен әріптестеріміздің сыйы десе, екіншілері қазақ ит жүргізіп, бүркіт салған ғой. Бұл аңшылық дәстүрдің белгісі деп айтады.

Бауыржан Момышұлының «халықтың ізгі дәстүрі – біздің ең асыл мұрамыз» дегеніндей, әдет-ғұрыптың бәрі заман тезінен өтіп, уақыт өткен сайын бірі ұмытылып, бірі жаңғыртылып отырады. Ата-бабаларымыздың тұрмыс салты ұқсас бауырлас башқұрт, қырғыз, моңғол, саха сияқты халықтармен салыстырғанда қазақ

киіз үйінің өзіндік ерекшелігі бар. Оны сол қалпында сақтап, ары қарай жалғастыру үшін келешек ұрпаққа мұра қалдыруда этнографтар, мәдениеттанушылар, тарихшылар мен музей қызметкерлерінің рөлі ерекше. Мәселен, Халықаралық музейлер күніне орай 18 мамырда еліміздің барлық жерінде дәстүрлі «музей күні» шарасы өтті. Онда ел тұрғындары мен қонақтары тағы да қазақ киіз үй төріне ілінген қасқыр мен түлкінің терілерін көргені күмәнсіз. XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін хатқа, суретке түсірген саяхатшылардың, ғалымдардың жазбалары мен ақын-жазушылардың шығармаларының ешбірінде мұндай көріністі кездестіре алмайтынымызды ешкім есіне алғысы келмейді.

– Киіз үйге аң терісін ілу біздің менталитетімізде бұрын мүлде болмаған нәрсе. Ата-бабалармыз қасқыр, түлкі, аю сияқты жыртқыш аңдарды терісінен өзіне қажетті бұйым жасау үшін ғана аулаған. Одан жасалған ішік, тон, бөрік сияқты заттарды өз тұрмысында пайдаланып отырды. Сондықтан олардың терісі ешқашан аяқ астында да жатпаған. Сол себепті тері, картина деген сияқты нәрселер онда болмауы керек.

(Соңы 3-бетте)

СОТ АКТИЛЕРІН ОРЫНДАМАУДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ҚАТАҢ

Конституцияның 1-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады.



Конституцияның 12-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстанның азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Сондай міндеттердің бірі Конституцияның 34-бабының 1-тармағына сәйкес әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға міндетті. Мемлекетіміздің кейбір азаматтары мен заңды тұлғалары заңды күшіне енген сот актілерін, яғни соттың үкімін, шешімін және қаулыларын орындаудан қасақана жалтарады.

Яғни, сот актілерін орындамау заңмен белгіленген жауаптылыққа алып келетінін түсіне бермейді.

Мысалы, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сәйкес сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау жеке тұлғаларға – бес АЕК (17 250 теңге) (2023 жылғы АЕК 3 450 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамдарға, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға – жиырма АЕК мөлшерінде (69 000 теңге) айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз (103 500 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық (138 000 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу АЕК (172 500 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

ҚР Қылмыстық кодексінің 430-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты

алты айдан астам орындамау, сол сияқты оларды орындауға кедергі жасау сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер аталған сот актілеріндегі не атқарушылық құжаттағы өндіріп алу сомасы Қазақстан заңнамасында белгіленген он мың АЕК-тен (34 500 000 теңге) асатын болса белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жоғарыда аталған баптар бойынша ішкі істер органдары мен мемлекеттік сот орындаушылар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды жүргізеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер соттарда қаралады.

2022 жылы Бәйдібек аудандық сотында ӘҚБтК-нің 669-бабымен 13 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қаралды. Оның ішінде келесідей әкімшілік жазалар тағайындалды: әкімшілік қамаққа алу 4 адамға; әкімшілік айыппұл 5 адамға салынды.

М. САРСЕНОВ,
Бәйдібек аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ХАТШЫЛЫҚ - МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ

Қазақстанның сот жүйесін ҚР Жоғарғы Соты, Конституцияға және осы конституциялық заңға сәйкес құрылған жергілікті және басқа соттар құрайды. Сот жүйесінің басты міндеті – қоғамдық және қоғамдық өмірде туындайтын қақтығыстар мен дауларды шешу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заң талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту.

Сот жүйесінде жұмыс істеу үшін қызметкер ең алдымен заңнаманы біліп, заңнамалық өзгерістерді бақылауы керек.

Дәл осы сотта кәсіби және жеке дамуға, әділеттілікті қалпына келтіруге және құқықтары бұзылған адамдарды қорғауға көмектесуге мүмкіндік бар.

Сот жүйесінде жұмыс істей отырып, кез келген сот қызметкері әрдайым судья болуға немесе тәжірибе жинауға ұмтылады. Судьялардың көпшілігі бұрынғы хатшылар немесе сот мамандары екенін атап өтуге болады. Өйткені, олар сот жұмысының барлық қыр-сырын біледі.

Көбінесе сотта мемлекеттік қызмет сот отырысының хатшысы қызметінен басталады. Сот отырысы хатшысы істі сот отырысына дайындауға, іске қатысушы адамдарды сотқа шақыруға, оған қажетті

шараларды қамтамасыз етуге міндетті. Істі қарау күні ол процеске қатысушылардың шақырылғанын тексереді.

Судья істі мәні бойынша қарағаннан кейін, хатшы процеске қатысушыға соңғы сот шешімінің көшірмелерін жібереді. Істі хронологиялық тәртіпте көтереді, сот отырысы кезінде тіркелген құжаттарға түгендеу жасайды, содан кейін істерді кеңсеге жібереді.

Сот жүйесінде жұмыс істейтін кез келген маман жауапты, коммуникативті және сыпайы болуы керек. Сот отырысының хатшысы ешқашан сотқа келгендерден жоғары тұрмайды, сондықтан олардың бәріне құрметпен қарауы керек.

А. ӘБІШЕВА,
Шахтинск қалалық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

лайша, бүкіл қоғамға сот қызметтерін тез әрі оңай алуға мүмкіндік жасалып отыр.

Сондай-ақ, сот процестеріне тараптар қашықтан қатыса алады. Бұрынғыдай тараптардың сот процесі үшін бір қаладан екінші қалаға келуінің қажеттілігі шамалы. Бұл әсіресе, пандемия кезінде қарқын алғаны белгілі. Дәл осы індет жаға-

ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ ЖОЙДЫ

Шын мәнінде, бүгінгі таңда цифрлы технология жетістігіне үйренгеніміз сондай онсыз қоғамды елестете алмаймыз. Себебі, сандық технология жұмысымызды жеңілдетіп, уақытымызды үнемдеуде.

Қазіргі таңда мемлекеттік мекеме қызметтеріне де онлайн өтініш жіберіп, түрлі қызметке оңай қол жеткізудеміз. Оның ішінде сот жүйесінің қызметтері де ғаламтор арқылы көпшілікке тиімділігін көрсетіп үлгерді. 2014 жылы іске қосылған «сот кабинеті» сервисі көпшіліктің көңілінен шығып, сот қызметтерінің ашықтығын арттырды. Бүгінде аталған жүйе арқылы азаматтар үйде немесе жұмыс орнында отырып-ақ онлайн режимде соттарға арыздарды, өтініштерді, шағымдар мен өтінішхаттарды, жі-


бере алады. Осы сервис арқылы сот құжаттарын және істерді іздеуге, мемлекеттік бажды онлайн түрде төлеуге, істі қарау барысын қадағалауға, «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу» мемлекеттік қызметін ішінара алуға, «Талдау» форумына ауысуға болады. Ең бастысы, азаматтардың сот органдарының электрондық сервистеріне бір терезеден қол жеткізуді қамтамасыз ететін «Сот кабинетінің» сервистерін пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы болуы қажет. Аталған сервисіңіз сот саласының өзге органдардан оқ бойы озып шығуында маңызы зор. Себебі, «сот кабинетін» қолданушылардың саны күн сайын белсенді артып отырғанын мақтанышпен айта аламыз. Осы-

дан алып, елде төтенше жағдай жарияланған сәтте біздің соттар бір сәтке жұмысын тоқтатпағаны көрші елдерге үлгі бола білді. Мысалға, төтенше жағдай басталған айда онлайн-процестер күніне 110-нан 4500-ге дейін артып, яғни 98%-ға жеткен. Бұл сандық жүйеге толығымен көшкен сот жүйесінің кез келген жағдайға сақадай сай екендігін көрсетті.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл азаматтық процеске істердің экс-аумақтық соттылығын енгізуге мүмкіндік береді. Тараптардың өзара келісімі негізінде тұрғылықты жері бойынша емес, роботтың бағдарламаны таңдауымен кез келген басқа сотқа жүгінуіне болады. Нәтижесінде, экс-аумақтық соттылық бойынша істер қаралуда.

Қазіргі таңда автоматтандырылған жүйелер арқылы қоғам тікелей адамның қатысуынсыз қызметтерді алу үстінде. Адам факторының болмауы заңсыздықтың алдын алып, әрбір саланың ашықтығы мен жариялылығына жол ашты. Қорыта айтсақ, цифрландыру – еңбек өнімділігін арттырып, қағазбастылықты жойды.

Ақмарал АБИЛДИНА,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты сот әкімшісінің міндетін атқарушы



ОНЛАЙН СОТҚА ҚАТЫСУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Ата Заңымызда сот жүйесінің құқықтық мәртебесі бөлек тараумен айқындалады. Демек, заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ететін сот билігі органы болып құрылып, барлық істер мен даулар сот билігі арқылы шешілетіндігі жария етілді. Сот билігі Қазақстанның атынан жүзеге асырылады.

Республикада төтенше жағдай режимі енгізілгеннен бастап соттар сот істерін қашықтықтан қарау форматына көшті және әлі де жалғасуда.

Онлайн сот отырысының мүмкіндіктері мол әрі тиімді. Біріншіден, тараптардың сот ғимаратына келу мүмкіндігі болмаған жағдайда, сот ісін жүргізуге кедергі келтірмейді. Тараптар қай өңірде болса да, сот отырысына қатысу мүмкіндігіне ие. Алайда, техникалық себептерді қоспағанда, тараптардың өздері де сот отырысын өткізуге қиындық тұдыруда.

Сот өз тарапынан онлайн-отырыстардың сапалы өтуі үшін барлық жағдайды жасауда. Дегенмен, тараптар да қалыс қалмауға тиісті.

Сот отырысына шақыртуды қабылдағаннан бастап, тараптар қатысуын қамтамасыз етуге тиісті.

Онлайн сот отырысы жақсы көрініп, естілуі үшін, тағайындалған уақытқа күні бұрын интернет пен техниканың (компьютер, ноутбук, планшет, смартфон, құлаққап, микрофон) дұрыс жұмысын тексеріп қою қажет. Сонымен қатар, қатысуды қамтамасыз ететін құрылғыны дайындап, қуаттап қою. Жылдам интернет

(4G, Wi-Fi) аймағында болу. Жарық бөлмені таңдау (кинотеатр, сауда орталығы, көлік, т.б. емес.). Шулы кедергілерді алып тастау (тұрмыстық техника, ашық терезе). Отбасы мен өзге кісілерден алаңдатпауды сұрау. Өзі де бөтен нәрселерге алаңдамау. Анық сөйлеп, басқаның сөзін бөлмеу. Сөйлемесе, микрофонды өшіру. Әрі, киім, жүріс-тұрыс пен риторика этикетін сақтау.

Осы кеңестерді тараптар орындаса, онлайн-отырысты сапалы әрі жылдамырақ өткізуге көмектеседі.

Сотқа немесе судьяға құрмет білдірмеу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабына сәйкес, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзу, сондай-ақ, сотты және судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) сотты құрметтемеу болып табылады. Осы баптың санкциясы бойынша, ескерту жасауға не жиырма АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Онлайн отырысында да осы қағидаларды орындамау сотты құрметтемеудің белгісі.

Ақмарал НҰРҰДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Әдеп кодексі – мемлекеттік қызметкердің айнасы.

Мемлекеттік қызметшінің негізгі ұстанымдардың бірі ретінде әдеп заңдарын сақтау. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Яғни, мемлекеттік қызметші әдеп заңнамасына сәйкес адал, ұқыпты, қарапайым, сыпайы, сабырлы, т.б болуға міндетті.

Сонымен қатар, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермей, адалдық және парасаттылық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып, өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет. Мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексін сақтау бұл – халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшінің әдепсіз

мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің мінез-құлық ережелерін өзге жағдайларда қызметтен тыс уақытта, көпшілік алдында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттарын және әріптестердің арасындағы қатынастарды сақтау маңызды.

Қарлығаш СЕРІКБЕК,
Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ҚАРТАЙҒАН ҚОҒАМНЫҢ ҚАУПІ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Расындада елге тоқтау айтып, қате кеткен кейінгі буын өкілдерін тезге салып, тәрбиесіне кие, кері кеткеніне ие бола білетін қариялардың болғаны қай қоғам үшін де жақсы. Үлкен жасқа, жас үлкенге керек. Түсіндіруді қажет етпейтін табиғи теңдік яки есеп осы. Алайда, «Соңғы уақыттары осы табиғи теңдік теңсіздікке айналып, қариялар саны ұлғайып барады» – дейді мамандар.

XXI ғасырдың басты мәселесі ретінде халықтың қартаюу процесін танып, дабыл қағуда. Бұның қоғамның қай саласы болмасын әсері болары сөзсіз. Рухани құндылықтардан бастап, экономикалық мәселелерге дейін туындап, адамзат баласы тығырыққа тіреледі дейді, сарапшылар. 2021 жылы жер бетіндегі 65 және одан жоғары жастағы қариялардың саны 761 млн адамға жетсе, осы өсу қарқынымен он жылдықта екі есеге көбейеді дейді. Шамамен 2050 жылы қариялар санына жататын 1,6 млрд жан тіршілік етеді екен. Басты себеп – туу көрсеткішінің азаюы, өмір сүру жасының өсуі. Қазір өткен ғасырдың ортаңғы жылдарымен салыстырғанда өмір сүру ұзақтығы 25 жылға ұзарған. Туу факторының азайғанын айтпаса да байқап жүрсіз. 2020 жылғы пандемия уақытында егде жастағы адамдардың көптеп өмірден өтуі де қарттықтың көбеюіне аса әсерін тигізбеген, халықтың қартаюуы басым. Жастары аз, қариясы көп қоғамда қандай мәселелер туындауы мүмкін дейсіз ғой, онда әрі қарай оқыңыз.

Елімізде де әлем елдері секілді халықтың қартаюуы байқалады. Мәселен 2022 жылы 65 жастан асқан әйелдердің үлесі 10,1 пайызға жетті. Ал бұл көрсеткіш соңғы он жылдықта 8,2 пайыздан көтерілмеген болатын. Ерлер қауымында да қарттықтың үлесінде өсу бар. Соңғы он жылдықта 4,8 пайыздан 6,1 пайызға дейін артқан.

Басты мәселе – қарттарға жайлы орта қалыптастыру. Негізгі бағыт – зейнетақы. Халықтың қартаюу жағдайында кез келген мемлекетке, зейнетақы қорына салмақ түсері сөзсіз. Бұны ғылыми терминмен айтқанда қарттықтың демографиялық ауыртпалығы деп атайды, өлшемді коэффициент. БҰҰ мәліметінше ауыртпалық коэффициенті өткен жылы 12,9 пайызға тең болған. 2025 жылға қарай арақатынас 14,1 пайызға, 2030 жылға қарай – 15,9 пайызға, 2040 жылға қарай – 17,1 пайызға, 2050 жылға қарай – 19 пайызға дейін көтеріледі деген болжам бар. Бұл еңбекке жарамды яғни, 14 пен 63 жас аралығындағы адамдардың одан жоғары жастағы адамдарға қатынасын есептейтін көрсеткіш. Зейнетақыны үйлестіру жүйесінің маңыздылығы алдағы уақытта күшеймесе, азаймайды деген сөз. Бұны оқыған бұқараның көңілінде «Зейнет жасын тағы да көтереді ме?» деген заңды сауал тууы мүмкін. Алайда зейнет жасы адамдардың еңбекке жарамдығы мен өмір сүру ұзақтығына, жастық бөліністігі денсаулық жағдайына және қызметтің ауырлығына орай бекітілетінін айтқымыз келеді.

Қазақстан 1998 жылдан бастап жинақтық зейнетақы жүйесіне көше бастады. Яғни, жұмыс беруші жылдар бойы өзінің зейнетақы қорына табысының белгілі бөлігін аударып келеді. Зейнет жасына жеткенде тиесілі зейнетақысы ретінде беріліп отырады. Әлем елдерінде қазірде бұл жүйенің баламасы – үлестіруші зейнетақы жүйесі бар. Оның басты ерекшелігі зейнет жасындағы адамдардың ақысы қазіргі жұмыс істеуге жарамды жандардан түсетін салық есебінен түсіп отырады. Үйлестірушілік жүйесі болашақта өз жұмысын тоқтатады деген де болжам бар. Себеп – қартаюудың өсуі.

Еңбекке жарамдылық жайы да бұл тұрғыдан маңызды мәселелердің қатарында. Уақыттық мысал болсын, 1941–1945 жылдар аралығындағы қазақ ауылдарын елестетеміз. Шыбығы қатпаған баладан бастап, егде жастағы қарияларға дейін, сонымен қатар әйелдер де жұмыс даласына тартылды. Басты себеп – соғысқа аттанған ерлердің жоқтығынан туындаған жұмыс күшінің жетіспеушілігі. Бір қорқыныштысы осы елестетіп отырғанымыз болашақта қайта орын алады ма деген болжам бар. Қарттықтың, яғни жұмысқа жарамсыздықтың көбейген уақытында жұмыс күшін ауыстыратын баламалы тарап керек. Бұл біздің әлемнің болашақта кездесетін бір мәселесі.

Сондай-ақ, халықтың қартаюуы денсаулық сақтау саласынан бастап барлық салаларға да өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

«Не істемек керек?» дейсіз ғой. Табиғи балансты қайта қалпына келтіру атаулы проблемалардың шешімі болуы мүмкін. Мәселе – туу санын көбейту. Елімізде өткен жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 20 жылда болмаған сәбилердің туу дерегі тіркелді. Туылған нәрестелердің саны бір жылда 9,5 пайызға азайған. Мысалы, 2022 жылы 403,9 мың сәби өмір есігін ашса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 42,6 мың сәбиге көп болған. Алайда мамандар туу жалпы есепте қалыпты деп сендіреді. 2021–2022 жылдардағы айырмашылықтың басты себебі 2020 жылғы пандемия уақытындағы отбасыларда баланың көптеп туылуы әсер еткен. 2023 жылдың алғашқы тоқсанында 93,5 мың бала өмір есігін ашқан. Бұл деректерге сүйену арқылы қазақстандық әрбір тууға жарамды әйел 3 балаға дейін өмірге сәби әкеліп отыр деген байламға келе аламыз. Алайда болашақта бұл санның 2 тіпті, 1 балаға дейін түсу қауіпі бар. Туу көрсеткіші бойынша оңтүстік және батыс өңірлер басымдыққа ие, ал солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде туу дерегі аз. Бұл факторларға Қазақстандағы некеге тұру көрсеткіші де себепкер. Мәселен, 2022 жылы 128,4 мың неке қиылса, 2021 жылы бұл сандар 150 мыңға жете жығылған. Төмендеу – 8 пайыз. Тарқата кетсең шыға беретін мәселелер легі бірінін ізін бірі қуа береді. Неке мәселесінің ушығуына еліміздегі әйелдердің әлеуметтік рөлі өзгергені, сәйкесінше неке жасының ұлғайғаны себепкер екен.

Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ

САЛТЫН БІЛМЕГЕН САУАПТЫ ТҮСІНБЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер төрде тері емес, одан жасалған ішік, түлкі тұмақ ілініп тұрса, бұл басқа мәселе, – дейді Алматы облысы Қарасай ауданындағы «Nomad» этноорталығының жетекшісі Жандос Нұрбеков. Туристерге қазақтың ұлттық тағамдарының жасалуын көрсетіп, көшпенділердің қару-жарағының ерекшелігін таныстырып жүрген маманның айтуынша, шетелдіктер ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызға қатты қызығады. Тіпті, сол үшін әлемнің түкпір-түкпірінен арнайы іздеп келетіндер де бар. Кейбіреуі бір емес, бірнеше рет келеді.

Оның бұл сөзін Ұлттық туризм индустриясы қауымдастығының жетекшісі Раушан Шәмілқызы да растап отыр. Ішкі туризмді насихаттау арқылы шетелден келетін саяхатшылар санын көбейтіп, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлес қосуды алдына мақсат етіп қойып отырған қауымдастық басшысының айтуынша, туризмді мәдениет пен спорттан бөліп қарауға болмайды. Мемлекеттік органдар туристік ауылдарды қалыптастыруға қолдау көрсетіп, оған халықты ынталандыру керек. Қазақ мәдениетін зерттеу және оны насихаттау ғылыми түрде

жүйеленіп, бағдарламалық негізде жоспарланбағандықтан оған қатысы бар және оған мүдделі тараптар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара алмай, Крыловтың әйгілі мысалындағы аққу, шортан, шаянның кебін киіп жүр.

«Туристерге жолбасшы болып, оларды еліміздің сәулет және тарихи, мәдени, археологиялық және тағы басқа да түрлі салалардағы мұраларымен таныстыратын мамандардың ортақ нұсқаулығы болмағандықтан қазір әркім өз білгенін талғажау етіп жүр. Тіпті, кейбіреуі киіз үйдің абылайша, аң шаңқан үй, қара үй, қараша үй, жаппа, орда, отау деген сияқты атауларын білмейді. Аяқбау, бақан, бас арқан, басқұр, белбеу, белдеу, дөдеге, жел арқан, жалбау, тегеріш, туырлық, түндік, уыққап, үзік сияқты жабдықтарының ерекшелігін толық түсіндіріп бере алмайды. Абажа, абдыра, ағаш төсек, адалбақан, асадал, бөгіре, жағылан, жозы, жүкаяқ, кебеже, сандық секілді киіз үй жиһаздарын түгел атап бере алмайды. Сондықтан жыртықшы аңдардың терісінен жасалған бұйымдардың киіз үйде, қашан, қай уақытта ілініп тұратынын біреуге түсіндірмек тұрмақ, өзі де хабарсыз», – дейді Р.Шәмілқызы.

Тарих ғылымдарының докторы, этнограф Ахмет Тоқтабайдың па-

йымдауынша, мұның бәрі қазақ мәдениетін зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу институтының жоқтығынан. Қазақ жылқысының 5 мың жылдық тарихы барын анықтап, ғылыми энциклопедия шығарған ғалымның сөзіне қарағанда, Англия, Франция, Испания, Ресей сияқты әлемнің 40 шақты елінде жылқы музейі бар. Ал жылқының отаны болып отырып, бүкіл әлемге жылқы мәдениетін тарту еткен халық бола тұрып біздің әлі күнге дейін институт да, орталық да, арнайы музей де аша алмағанымыз ұят нәрсе. Дүниежүзіндегі 65 млн жылқының 250 тұқымының бәрі қазақтың жабы жылқысынан тарайтынын әлем ғалымдары мойындайды. Ол біздің ұлттық брендіміз бола алады. Өкінішке қарай, ұлттық мәдениетті зерттеу, оны әлемге таныту әлі күнге дейін жеке адамдардың энтузиазимімен ғана жүзеге асып келе жатыр. Сондықтан өзге халықтар жоқтар бар жасап, түймедейді түйедей етіп насихаттап, оны саяхатшылар тартудың бір нысанына айналдырып жатқанда біздің барымызды бағалай алмай жүргеніміз естір құлақ, көрер көз болса сабақ алатын жағдай.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»



Әлем тарихында – «Троя алтыны» немесе археолог «Шлиман алтыны» деп аталатын артефактілер археология саласының жарқын беттерінің бірі болып саналады. Бұл шедевр тек сақталған қазынаның құндылығымен ғана емес, сонымен бірге оның өзін табу тарихымен де ерекше.

«АЛТЫН АДАМНЫҢ» ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Тынымсыз Шлиман әдеби шедевр – Гомердің «Илиада» эпопеясының арқасында Германия үкіметінің қаржылық қолдауымен «Троя алтынын» табу экспедициясына қатысып, әлемдік қауымдастықты дүр сілкіндіргенді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін баға жетпес қазына басқа елге шығарылып, зым-зия болды. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта «Троя алтыны» тек Германия үшін ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдастық музейлерінде де елдің тамашалау мүмкіндігінен айырды.

МУНДАҒЫ АЙТЫЛМАЙ ТҮРҒАН ОЙ ҚАЙСЫ ДЕЙСІЗ БЕ?

Ол – ҚР Ұлттық музейінің директоры, экс-министр А.Мұхамедұлына қатысты осы сарындағы жүріп жатқан сот процесі. Соттың бірінші отырысында А.Мұхамедұлы: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 15 наурыздағы елде төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығын орындау мақсатында мен «Алтын адамды» көрме өтіп жатқан Үндістаннан Қазақстанға дін-аман қайтаруға ұйғарым жасадым. Әлбетте, Қазақстанның Үндістандағы Елшілігі мен ҚР Сыртқы Істер министрлігінің араласуымен елде локаунд енгізілген соңғы күні, яғни 2020 жылғы 22 наурызда аса құнды жәдігерді Қазақстанға дипломатиялық поштамен жеткізе алдық. Егер біз жәдігерді індет өршіп тұрған және коронавирустық шектеулер тек 2021 жылдың соңына қарай алынып тасталған алыс Үндістанда қалдырсақ, онда «Алтын адамды» тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік тарих үшін де жоғалтып алар едік. Мен өз кінәмді мойындамаймын. Елдің заңдарын ешқашан бұзған емеспін» деп, заң ережесіне бағынған адамның айыпты деп танылғанына налып отыр...

ІС НЕДЕН БАСТАЛДЫ?

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан мен Үндістанның Ұлттық музейлері арасындағы уағдаластыққа сәйкес «Алтын адамның» әлем музейлеріне шеруі көрмесі 2020 жылғы 18 наурыз бен 18 сәуір аралығында Нью-Дели қаласында жоспарланған болатын. Көрме экспонаттары 2020 жылдың 26 ақпанында Үндістандағы Ұлттық музейіне жіберілді. Экспозициялық жұмыстар көрменің ашылу мерзіміне дейін жүргізілді. Көрменің ашылуы 2020 жылғы 18 наурызда Қазақстанның Үндістандағы Елшісі Е.Әлімбаевтың, Үндістан Ұлттық музейінің директоры және басқа да шақырылған тұлғалар мен келушілердің қатысуымен өтті. Бұдан әрі, Қазақстан Президентінің Жарлығы бар, Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы Нұрғиса Дауешовтың қолы қойылған хатты орындау мақсатында «Алтын адамның» көрмесі 2020 жылғы 22 наурызда Қазақстанға жеткізілді. Бірақ 221 млн теңге көлемінде залал келтірілді деген «Даму» аудиторлық компаниясы» ЖШС-ның қорытындысы негізінде айыптау актісіне арқау болған істің түйіні неде? Көрме жоспардағы бір ай емес (2020 жылғы 18 наурыздан 18 сәуірге дейін), тек 3 күн ғана (2020 жылғы 18 наурыздан бастап 21 наурызға дейін) өтті. Айта кетейік, «Даму» аудиторлық компаниясы шақыру билеттерін, буклеттерді, каталогтарды, флористиканы және т.б. әзірленген баспа өнімдерінің айырмашылығын бір ай емес, 3 күнге ғана есептеген...

ТАРИХИ ШЕГІНУ

«Алтын адам» өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Есік қаласында Сақ қорғанының жерлеу орындарынан табылған. Тарихи шежіреден білетініміздей, көптеген ғасыр бойы патша билеушілерінің қазынасын толтыру үшін Есіктегі Сақ қорғандарын тонап келген кейбір археологиялық топтар (қара археологтар) құрылды. Бақытымызға орай, ол қорған 2 деңгейден тұрғанын жат пиғылды археологтар білмеген. Жоғарғы қабатында жерленген кісінің мүлкі талан-таражға түсті. Ал, төменгі қабатында тағы бір қабірдің барын олар болжай алмаса керек. Міне, «Алтын адам» жерленген жерде қымбат киімнен басқа кейбір тұрмыстық ыдыстар, руникалық жазуы бар шыныаяқ сияқты және т.б. қымбат заттар шыққан. Басқа елде үйін қорғап, қара археологтардың құрбаны болған әкенің көрегендігінің арқасында әлемдік тарих үшін «Алтын адам» мұра ретінде қалдырылды. Ол біз үшін алтын бөркі, бағалы шапанымен емес, терең мағыналы, философиялық нышанымен де қымбат!

Енді біз екінші оқиғаның куәсі болдық. «Алтын адамның шеруі» көрмесі 1,4 миллиард халқы бар Үндістанда өтті. Келіссөздер 3 жыл бойы жүргізілді. Кенет, әлемде адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ауқымды инфекция өршіді. 2021 жылдың мамырында ресми мәліметтерге сәйкес, коронавирустан 3,4 миллион адам қайтыс болды. Нақты көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін! Әлем дымын ішіне бұғып қалды. Коронавирус Үндістанда, Қытай, Пәкістан, Бангладеш және т.б. көрші елдерде тым қатты өршіді.

Сондай-ақ, Үндістан терроризмінің, халықтық толқудың талай әрекеттерін бастан өткерген ел емес пе! Лаңкестер Мумбай қаласындағы қонақүйді басып алған 2008 жылды еске түсірейікші. 20 күн бойы 12 миллион халқы бар бүкіл Мумбай қауқарсыз күй кешпеп пе еді? Егер тергеу тобының және прокуратураның айыптау актісінің қорытындысы бойынша «Алтын адамның шеруі» көрмесі 2020 жылдың 18-21 наурызында ашылғаннан кейін Үндістанның Ұлттық музейінде Коронавирустық шектеулер аяқталғанға дейін, яки екі жылға қалып қойса, «Алтын адамның» тағдыры қалай болатыны бір Құдайға аян.

P.S. Иә, істі жүргізіп отырған судья Б.Ыдырысовқа дұрыс шешім шығару оңайға тиіп отырған жоқ. Бір жағынан «Алтын адам» Отанына аман-есен қайтарылып отыр. Екінші жағынан жеке аудиторлық компанияның қорытындысына негізделген құжаттар. Ол таразының қай жағына шығар екен? Бұл тұрғыда біз біреуді ақтап немесе қорған болу үшін емес, істің қалай шешілетініне ғана алаңдап жазып отырмыз. Қалай болғанда да істің ақ-қарасын сот анықтайды деп сенеміз.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ



Сот ардагері Ғани Төлеухан әріптес ағамызды 1978 жылдан бері танымын. Ол кісі еңбек жолын Қызылорда облыстық сотында көлік жүргізушіден бастаған.

1970 жылы Мәскеу қаласындағы заң институтын бітіріп келгеннен кейін, облыстық сотта бас кеңесші, осы соттың судьясы, Арал аудандық сотында судья, 12 жыл төраға, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, Қызылорда қалалық сотының төрағасы, кейін судьясы болып қызмет атқарды. Жалпы отыз жылдан астам уақыт сот саласында абыроймен қызмет істеп 23.03.2007 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен еңбек демалысына шықты.

1980 жылы Төлеухан аға екеуіміз бүкілодақтық

сот және әділет қызметкерлерінің бір айлық арнайы оқу курсына бардық. Бір бөлмеде жатып, оқуды өте жоғары бағамен бітіріп, елге оралдық. 1989 жылы Шымкент қаласында өткен үздік сот тәжірибелерін республика соттарына насихаттау мақсатында өткен семинар-жиынға қатыстық. Төкең судьялық қызметін абыроймен атқарып, өнегелі де өрісті жолдардан өтті. Өмірінің жартысынан астамын әділдіктің үстем болуына арнаған оның өмірбаяндық деректері өрнекті жолдардан тұрады.

Қызметте ауқымды да маңызды шаруалардың ұйтқысы болған абзал аға марапаттардан да кенде емес. Қызылорда облыстық соты төрағасының «Құрмет» грамотасымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне он жыл» медалімен, ҚР Жоғарғы Сотының «Құрмет» грамотасымен, ҚР Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісімен, ҚР Судьялар одағының «Құрметті мүшесі» төс белгісімен марапатталуы ардагер судьяның жемісті еңбегіне алып жатқан бағасының өлшемін айғақтайды.

Қазіргі таңда құрметті судья Соттармен іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің төрағасы қоғамдық қызметін аса жауапкершілікпен атқарып, сот саласының өміріне белсене араласуда. Бүгінде бойындағы бар қабілет-карымын, білімі мен тәжірибесін жастарға үйретуде.

Жоғарыда аталған соттарда төраға болған кездерде Төкең сот қызметкерлеріне қатаң талап қойды. Өзінің объективті адам, қарапайымдылығын жоғалтпаған басшы екендігін дәлелдеді. Адал қызметі оны әріптестерінің ортасында құрметке бөледі.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, саналы ғұмырында адамгершіліктің, ақиқаттың туын жықпай келе жатқан азаматқа қандай мадақ айтсаң да жарасымды. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» дегендей, ардагер судья, нар тұлғалы әріптесіме тілерім мағыналы да мәнді ғұмыр, құрыштай берік денсаулық, отбасына бақыт, ұрпағының жемісін көрсін деймін.

**Амангелді АНУАРБЕКОВ,
Қызылорда облыстық соттарының
ардагерлер ұйымының төрағасы,
Соттармен іс-қимыл жасау
жөніндегі кеңестің мүшесі,
доғарыстағы судья**

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз. Ата Заңның 1-бабында Қазақстанның өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі мен құқықтары, бостандықтары екені нақтыланған. Еліміз бүгінде бірқатар табыстарға қол жеткізіп, әлемге танылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗАҢДАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ МЕМЛЕКЕТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНДЕ

Еліміз БҰҰ, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Дүниежүзілік сауда ұйымы, т.б. халықаралық ұйымдарға мүше болып, әлем елдерімен дипломатиялық байланыстар орнатты. Мемлекетіміздің халықаралық қатынастардағы қағидаты барлық елмен тату болуға, олардың ішкі мәселесіне араласпау, халықаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге негізделген.

Бұларды айтып отырғанымыз, мемлекеттің жауапкершілігі ұлттық шекарамен ғана шектелмейді, сонымен бірге халықаралық құқық саласымен, әсіресе, әртүрлі елдер арасындағы қарым-қатынастармен тікелей байланысты. Өз кезегінде бұл мемлекеттерге жаңа міндеттемелер жүктейді. Яғни, әрбір мемлекет халықаралық құқық нормалары мен міндеттемелерді қатаң сақтап, бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін әрекеттерде жауапкершілік алады. Мысалы, зансыз әрекеттерге барған мемлекет орын алған келіспеушілікті бейбіт түрде реттеуге келіспеу немесе құзыретті халықаралық органның заңды күшіне енген шешімін орындамаса, тиісті халықаралық санкциялар қолданылуы мүмкін.

Жалпы алғанда мемлекеттердің жауапкершілігі халықаралық

шарттардың орындалуы мен адам құқығының сақталуынан көрінеді. Өйткені, мемлекет халықаралық құқықта шарттың жалғыз субъектісі болып табылады. Осы себепті, халықаралық нормаларды бұзу онда бекітілген ережені немесе шарттағы міндеттемені елемейін білдіреді.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңы еліміздің халықаралық шарттарды жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртіптерін айқындайды. Аталған заң талабына сай, Конституцияға қайшы келетін халықаралық шарттар ратификацияланбайды.

Конституцияның 4-бабында көрсетілгендей, бізде қолданылатын құқық Ата Заң мен өзге де заңдардың, сондай-ақ, нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен республиканың басқа да міндеттемелерінің, Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормаларын құрайды. Яғни, еліміз қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың республика аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары ел заңдарымен айқындалады. Ал, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау



**Қарлығаш САРСЕНОВА,
Алмалы аудандық
№2 сотының судьясы**

оларды қолданудың міндетті шарты болады.

Қазақстандық соттар азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап, Конституцияның және басқа да заңдардың, нормативтік-құқықтық актілердің, сондай-ақ, Қазақстанның халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді. Әрі адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қол сұғылатын қылмыстық және өзге құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

Қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсарту, заң үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру, т.б. қағидалар құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері саналады. Сондықтан, республикамыздың ішкі заңдарды көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келсе, елімізде құқықтық мемлекет орнайды.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Алимент бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Әдетте ерлі-зайыпты отбасы құндылығын, одан бөлек, ең маңызды фактор бала қызығушылығын алдыңғы орынға шығаратын. Соңғы жылдардағы деректер мен дәйектер бәрін керісінше көрсетеді. Дүние-мүлік бөлінісі мен бала алименті бүгінгі таңда ажырасып жатқандардың бірінші кезекте көздеп, күресетін мәселесіне айналды. Қалай десек те, тараптардың құқықтары мен бостандықтарын, барлық қызығушылықтарын қорғайтын заң бар.

БАЛА ӘКЕ МЕЙІРІМІНЕН АЖЫРАСА ДА, ӘКЕ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН АЖЫРАМАУ КЕРЕК

Неке және отбасы туралы кодекс құқығы бұзылған тарапты арнайы бекітілген заңдылықтар шеңберінде қорғайды. Бұл ретте Қазақстан жағдайында көбіне ана мен бала құқығы бұзылады. Кейбір ер-азаматтар өзі көтерген шаңырағын құлатып қана қоймайды, онымен қоса жұбайы мен балаларын тағдыр талкегіне тастайды. Осылайша, ажырасып жатқан әйел күйеуі тарапынан моральдық қысымға, депрессияға бір ұшыраса, балаларына тиесілі алимент берешектерін ала алмай материалдық тұрғыдан да қысылады. Бұның бәрі қоғамдағы ер-азаматтардың жауапкершілігінің төмендегенін көрсетеді. ҚР Неке және отбасы туралы кодексінде ерлі-зайыптылықтың жауапкершіліктері мен міндеттері анық көрсетіледі. Аталмыш заңның 6-тарауында отбасылы адамдар теңқұқықтармен қатар тең міндеттерді де бөліседі. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, соларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да істерін бірлесіп шешеді, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті екендігі айтылған. Алайда, бүгінгі таңда осы жауапкершіліктен қашып жүргендер көп. Көп балалы ана немесе ерекше балалары бар аналар, я болмаса бірді екілі баласы бар келіншектер қазіргі таңда қашып кеткен, ажырасып кеткен, тастап кеткен күйеуінен ортақ балаларына тиесілі мемлекет белгілеп берген алиментін өндіре алмай, зар қағып, өмірлерін өкінішпен, күреспен өткізіп жүр. Осы тұста сот орындаушыларының көмегі зор. Олар заңдық шеңберде ерлі-зайыптылардың біреуінен сот бекіткен берешекті өндіру үшін аянбай еңбек етуде.

ҚР заңының бекіткен алименттік мөлшері төмендегідей: егер ажырасушылар арасында ортақ бала болса азамат жалақысының ¼ бөлігін, 2 бала болса, 1/3 бөлігін, ал көпбалалы болса, 50 пайызын алиментке жіберуге міндетті. Мысалы, азамат айына 100 мың теңге жалақы алады делік. 1 балаға – 25 мың, 2 балаға 33 мың төлеуі керек.

Алимент төлейтін адам уақытша жұмысынан айырылған жағдайда – ол міндетті түрде сот орындаушысына ескертуі тиіс. Өйткені, осы сәттен бастап ол жаңа жұмыс тапқанша, төленетін алименттің мөлшері өзгереді.

– Алимент төлеуге міндетті азамат сот орындаушысына «жұмыссызбын» деп анықтама берген жағдайда да алименттен жалтарып кете алмайды. Бұл жағдайда еліміздегі орташа айлық көрсеткіштің 1/3 бөлігі есептеліп, сол бойынша азаматтан төлем өндіріледі. Бұл ретте, азамат ай сайын жұмыссыз болған жағдайда, орташа айлық



**Жадыра СӘРСЕБЕКОВА,
Алматы облысы
Қарасай ауданының
жеке сот орындаушысы**

көрсеткіштің үштен бір бөлігін төлеуі тиіс. 2023 жылы еліміздегі орташа айлық жалақы мөлшері 342 мың теңге болып бекіген.

Алимент өндіру мәселесі қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі, осы мәселеге тап болған әке бала алдын-дағы парыз қарызын әлі күнге дейін сезіне алмай жүр. Біреуінің шын мәнінде әлеуметтік жағдайы мүшкіл болса, енді біреуі әдейі, қасақана алименттен жалтарады. Олар және заңнан жалтарудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тапқан. Осы ретте сот орындаушылары қолдарында бар мүмкіндікті пайдаланып заңның орындалуын жүзеге асыруда. Жалпы, туған баласынан қаражат аяп жүрген кейбір адамның мүлкі болса, әлде шотында ақшасы болса, сот орындаушы оны заң көмегімен бұғаттауға болады. Сот алиментті өндіру мақсатында азаматтың жұмыс орнына қаулы жібереді. Шетелге шығуына шектеулер енгізеді. Аса ауыр жағдайларда әкімшілік немесе қылмыстық жазаға тартуға әрекеттенеді. Бұл жауапкершілікті кез келген саналы әке өз сезінуіне тиіс. Ол қаражат өз ұрпағының қажетіне жұмсалыды. Баласының ештеңеден мұқтаж болмай өсуі қалыпты адам үшін мәртебе, міндет. Сондықтан, алименттен жалтarmaй бала алдындағы қарыздан біртіндеп құтыла бергені абзал. Оларды тағдыры тірі жетім ғып бір сынаса, соқталдай жұмысқа қабілетті әкесі жауапкершілігіне тағы бір сынамауға тиіс. Көп ретте, әйелдер сотқа арыз жазуға ерініп немесе оны қажет емес деп есептейді. Бірақ бала жауапкершілігі екі ата-анаға да ортақ. Сондықтан олар ажырасқаннан кейін алиментке арыз беруі керек. Бала 18 жасқа толғанға дейін алиментті өндіруге болады. Алимент арыз түсіп, сот шешім шығарған күннен бастап өндіріледі. Ол үшін, әрине, сотқа арыздану керек.

Баланы қос тараптан болатын қамқорлықтан ажыратқанмен, оның өсіп жетілуі, азамат болып қалыптасуы алдындағы адами жауапкершіліктен ажыратпайық.

ҚОРҒАУ АКТІСІ - ПРОКУРОР МЕН АДВОКАТТЫҢ МҮМКІНДІГІН ТЕҢЕСТІРЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Жобалық кеңсе және Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың, сот, ғылыми және адвокаттық қоғамдастық өкілдері кірді.

2022 жылдың қазан айынан желтоқсан айының соңына дейінгі кезеңде Жобалық кеңсе Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекстің қолданылу практикасы мен статистикалық деректерді ескере отырып, жұмыс істемейтін нормаларды, коллизияларды, олқылықтар мен сот төрелігіне кедергі келтіретін нормаларды анықтауға бағытталған баптық талдау жүргізілді. Онда заң жобасы бойынша Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-процестік кодекс, Қылмыстық-атқару кодексін жетілдіру ұсынылды.

Процестік келісім: кімге жеңілдік жасалады?

Қылмыстық кодекстегі негізгі жаңалық – процестік келісім бойынша кінәні мойындау нысанында қылмыстық жауаптылықтан босату талабы алып тасталмақ. Қолданыстағы заңнама бойынша келісім 2 нысанда жасалады. Олар онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле және қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеу-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім. Қылмыстық заң процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған адамның қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін екенін белгілейді.

Процестік келісім немесе «тергеумен мәміле» кезінде адам кінәні мойындайды, дәлелдемелер мен залалдың мөлшеріне дау айтпайды, тергеу мен сот жеделдетілген тәртіппен «жүреді», яғни кінәні дәлелдеу үшін мемлекеттің уақыты мен қаражатын процестік үнемдеу артады. Өз кезегінде, заң сотталушы үшін белгілі бір «жеңілдікті» қарастырады, әйтпесе процестік келісімнің мәні болмас еді.

Алайда, жоғарыда аталған процестік келісімнің екі нысаны арасында түбегейлі айырмашылық бар. Егер бірінші жағдайда сотталушы тек өзінің кінәсін мойындап қана қойса, екінші жағдайда оның қылмысты одан әрі ашуға белсенді жүргізуді талап етіледі. Осы екі нысанда қылмыстық іс қаралып жатқан сотталушыларды тең емес жағдайға қояды. Бұл ретте, іс жүзінде кінәні мойындау туралы мәміле міндетті түрде соттың айыптау үкімімен аяқталады және жазаның ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспайтын жаза тағайындалады. Егер сот кінәні мойындау туралы мәмілемен келіспесе, онда ол істі прокурорға әдеттегідей тергеуді ұйымдастыру үшін қайтарады. Осылайша, ҚК-нің 67-бабының ережелері іс жүзінде кінәні мойындау туралы мәмілеге қолданыла алмайды. Осыған байланысты бұл баптың қолданылу аясын ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімінің барлық шарттарын орындау жағдайымен ғана шектеу ұсынылып отыр.

Айыппұл – түрме тұрғынын кемітеді

Ревизия жүргізу шеңберінде қылмыстық құқық бұзушылықтар санкциясын жасалған іс-әрекетке сәйкес өзектендіруге назар аударылды. Яғни, жазаның пропорционалдығын, сондай-ақ бас бостандығынан айырудың баламасын қамтамасыз ету мақсатында кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар, атап айтқанда, экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша бірнеше еселенген айыппұл енгізіледі. Қазіргі уақытта ҚК-нің 189 және 190-бабы бойынша бірнеше еселенген айыппұл тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға қатысты қолданылады, ал қалған адамдарға қатысты қолданылмайды. Бұл ретте бірнеше еселенген айыппұлды қолдану түрме тұрғындарының қатарын өсірмейтін неғұрлым пәрменді экономикалық шара. Сонымен, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қолданылуы мүмкін. Өз кезегінде, басқа экономикалық қылмыстар бойынша қазір АЕК-пен айыппұл қолданылады, бұл мемлекетке келтірілген залалға қатысты пропорционалды жаза емес. Бірнеше еселенген айыппұлды енгізу іс жүзінде көрсетілген мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Ал, Қылмыстық-процестік кодекстегі негізгі жаңалық қылмыстық процесс шеңберінде азаматтар құқығын қорғауды арттыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, актісі. Қазіргі уақытта сот ісін жүргізуге айыптаушы тарап толық қалыптастырған қылмыстық іс келіп түсуде, бұл өз кезегінде судьялардың іс бойынша айыптау бейімділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Сот тараптарға өз мүддесін қорғау үшін тең мүмкіндік пен іс жүргізу белсенділігін қамтамасыз етуі керек екенін ескере отырып, қорғаушы тарапқа айыптау актісіне қарама-қарсы болатын құжат қорғау актісін сотқа енгізу құқығын беру ұсынылады. Осылайша, қорғау актісін жасау, оған қорғаушы тарап жинаған дәлелдемелерді қосу мүмкіндігі болады. Яғни, біріншіден, судьяның сотталушыға қатысты біржақты пікір қалыптастыруына кедергі жасауға, екіншіден, адвокаттың, әсіресе мемлекет тағайындайтын адвокаттың өз қорғауындағы азаматтың құқығын неғұрлым белсенді қорғауына және ынталы жұмыс істеуіне жол ашылады.

Қорғау актісін енгізу мүмкіндігі прокурордың және адвокаттың сот процесінде тиісті рөлді атқару кезіндегі қарсыласу мүмкіндігін теңестіреді. Қорғау актісінде қорғау және айыптау тарабының дәлелдемелерін, кінәсіздік туралы, не кінәсіздіктің аз дәрежедегі мәлімдемелерін, айыпталушының кінәсін ақтайтын, не жеңілдететін дәлелдеме туралы, дәлелдемені жинау және бекіту кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерін қолдану туралы талдау және басқа да өтініштер көрсетілуі мүмкін.

Сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жетілдіру маңызды

Қылмыстық-процестік кодекстегі келесі түзету азаматтарды қылмыстық процестің орбитасына барынша аз тарту кезінде шындықты анықтауға қажетті рәсімдерді оңтайландыруға бағытталған. Осы бағыт шеңберінде қылмыстық істі әдепкі электрондық форматта жүргізу көзделіп отыр. Бұл тәсіл қылмыстық істі әдепкі электрондық форматта жүргізуге мүмкіндік береді. Қазір қылмыстық процеске қатысушының пікірін ескеру қажет.

Қылмыстық-атқару кодексіне енгізілмек түзетулердің негізгі жаңалығы бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды орындау тәртібін, оның ішінде пробация қызметінің жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылын жетілдіруге бағытталмақ. Бұл орайда жергілікті бюджет есебінен пробация қызметін ұстау, химиялық кастрация түріндегі мәжбүрлеу емдеу тәртібін өзгерту, пробация қызметі мен жергілікті атқарушы органдық қоғамдық жұмыстарды орындауын бірлесіп ұйымдастыру процесін егжей-тегжейлі регламенттеу сияқты шаралар қамтылды.

Сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жетілдіру де осы құжаттың аясында қолға алынбақ. Бұл орайда ауырлығы аз немесе орташа қылмыс жасағаны үшін адамға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін жалпы мерзімді төмендету көзделіп отыр. Бұл шараның аясында өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қатысты пробациялық бақылаудың 10 жылдық мерзімін белгілеу, сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салуды белгілеу ұсынылды. Сотталғандардың құқықтық жағдайын жақсарту тұрғысында бірқатар талап айқындалмақ. Атап айтқанда әлеуметтік пайдалы байланысты қолдау үшін сотталғанды ауыстыру негізін кеңейту, жазаны одан әрі өтеу үшін мекемелерге жіберу үшін тыйым салу енгізіледі.

Ревизия жүргізу шеңберінде Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу жиілігі мәселесіне де ерекше назар аударылды. Баяндамашының айтуынша, соңғы 8 жыл ішінде бұл құжаттар әрекеті әртүрлі заңмен, соның ішінде тұжырымдамасы бастапқыда оларды түзетуді көздемейтін заңдармен өзгертіліпті. Бұл заңнамалық актілердің тұрақтылығын талдау оларды тұрақсыз заңдар қатарына жатқызады. Осыған байланысты әртүрлі заң жобасы шеңберінде осы кодекстерге «шексіз» түзетулер енгізуге мүмкіндік бермейтін арнайы тетік белгілеу ұсынылады.

Түзетулер қылмыстық процестегі қатысушылар мүддесін сақтауға бағытталды. Осылайша, заң жобасы азаматтар құқығын қорғауды күшейтіп, қылмыстық процесті оңтайландырады, «дебиократизациялауды» қамтамасыз етеді деген сенім бар.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев дау-дамайды шешудің балама тәсілдерін дамыту қажеттігіне үнемі көңіл аударады. Мұндай тәсіл ретінде медиация рәсімін, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу, татуласу келісін атауға болады.



СОТ ЕШКІМДІ БІТІМГЕ КЕЛУГЕ МІНДЕТТЕМЕЙДІ

Бірқатар елдерде медиация рәсімі міндетті. Ал, сот міндетіне тек заңмен бекітілген талаптарды түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, бітімге келуге міндеттемейді. «Медиация туралы» заңның қабылдануына байланысты ҚДЖК-не өзгерістер енгізілгені белгілі. Осы сәттен бастап, сот процеске қатысушыларға медиация тәртібімен де қылмыстық жауаптылықтан босату және қылмыстық істі қысқарту мүмкіндігін түсіндіруі шарт.

Қылмыстық істер бойынша онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері көзделген.

Медиативтік келісім істі алдын ала тергеу-тексеру кезінде де, басты сот талқылауында да жасалуы мүмкін. Атап айту керек, ұрлық, тонау секілді ауырлығы орташа қылмыс бойынша сотталушы келтірген залалды жәбірленушіге өтеп, онымен татуласу келісін жүргізіп, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Алайда, дәл осы қылмыс бойынша татуласу рәсіміне жол берілмейтін жағдайлар да бар. Егер азаптау арқылы, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс, абайсызда адам өліміне алып келген қылмыс; сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік, қылмыстық топ құрамында жасалса, аталған қылмыс санаты ауыр қылмыс болып табылатындықтан, залалды өтеп татуласқан жағдайда да қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жол берілмейді.

Сонымен қатар, Қылмыстық кодекстің 68-бабының 2-бөлігіне сай, ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас баласы бар әйелдер, жас баласы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 58 жастан асқан әйелдер, 63 жастан асқан еркектер қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласып, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуы және келтірілген зиянды қалпына келтіруі керек.

Қылмыстық кодекс талабына сәйкес

бес жыл мерзімге дейінгі бас бостандығынан айыру жазасы көзделген қасақана жасалған қылмыстар ауырлығы орташа қылмыс болып табылады. Мысалы, сотталушы бөтеннің мүлкін ашық жымқырғаны үшін ҚК-нің 191-бабының 1-бөлігімен айып тағылып, сотқа берілсе, аталған бапта кодекс бойынша басқа да балама жазамен қатар, ең ауыр жаза төрт жыл мерзімге дейінгі бас бостандығынан айыру көзделген. Егер осы іс бойынша сотталушы өзінің қылмыстық әрекеті салдарынан келтірген залалды жәбірленушіге өтеп, онымен татуласса, тиісінше ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Алайда, тонау бірнеше рет немесе тұрғын үйге, қоймаға заңсыз кіру арқылы немесе ірі мөлшерде жасалған жағдайда ол ауыр қылмыс болып табылады және ол бойынша залалды өтеп татуласқан жағдайда да қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жол берілмейді.

Кейде сот процесінде мынадай да істер кездеседі. Мысалы, қылмыстық іс адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен бөтеннің мүлкі, тұрғын үй-жайға заңсыз кіру арқылы ашық тонау, жасырын жымқыру арқылы жасалса, ол – ауыр қылмыс. Алайда оны жасаған бірнеше әйел бір жүкті, бірі көп балалы боп шығарды және олар бұл қылмысты алғаш рет жасайды. Бұл жағдайда сот заң аясында сотталушылардың жәбірленушімен өзара татуласуына және келтірілген зиянды қалпына келтіруіне байланысты ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатып, қылмыстық істі тоқтата алады.

Дауды медиация тәртібімен немесе жоғарыда аталған татуласу келісін не партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу арқылы тараптар не ұтады? Олар өзара тиімді, әрқайсысы өз талабын қанағаттандыратын келісімге қол жеткізеді. Сондай-ақ, дауласушы тараптар уақытын үнемдейді. Себебі, сотта іс ұзақ қаралуы мүмкін. Дау тараптары сот шығыны, адвокат жалдау, кеңес алу, жол қаражаты сияқты түрлі қаржылық шығын шығаруы мүмкін. Ал дауды татуластыру рәсімі негізінде реттеген жағдайда тараптар артық шығыннан арылады.

Аида БҰЛАҚБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ОСАЛДЫҚ ЖАРАСПАЙДЫ

Мемлекеттік қызмет атқаратындарға қоғам мен мемлекеттің сенімі ерекше. Содан да болар мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әділеттік бейнесіне қойылатын талап жоғары. Осы орайда, әр мемлекеттік қызметші өзінің күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсауы тиіс.

Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға тиіс екендігін мемлекеттік қызметші жақсы білуі керек.

Жауапкершілігі зор салада жұмыс істейтін мамандар қызметтен тыс уақытта қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін теріс әрекеттерге жол бермеуге, қарапайым болуға міндетті. Сонымен қатар, көрсетілетін тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық

жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға тиіс. Бұдан бөлек, заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға қарсы әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуі шарт.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті жалпы ресми іскерлік стиліне сай болуы – бұл тартпайтын заңдылық. Халыққа қызмет ететін мемлекеттік қызмет иелері Әдеп кодексінің бұлжытпай сақтаған жағдайда қоғамның және азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімі нығаяды, елімізде сыбайлас жемқорлық көрінісінің деңгейі төмендейді.

Айгүл ТУРАЛИЕВА,
Ақжайық аудандық сотының жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӘЛЕМ

Түркітідес журналистер қоры мен Түркияның Мәдениет министрлігі бірігіп, жақында бірнеше мемлекеттің журналистеріне туристік тур ұйымдастырды. Мұндай шара талай жылдан бері үзбей жалғасып келеді.



Түркиядағы туризмді жандандыруды мақсат еткен бұл игі істен үйренеріміз аз емес. Себебі, бауырлас түрік елі туризмнің отаны іспеттес. Табысының негізгі бөлігін туристер арқылы тауып отырған мемлекет журналистерге арналған турда көпшілік жақсы біле бермейтін, шалғайда жатқан жауһарларына әлемнің назарын аударуды көздейді. Түркия дегенде сұлу Стамбулда, әдемі Анталия мен құпия Каппадокияны ғана білетін халыққа Коньяның тұмса табиғатын, Афионың тылсым тарихын таныстырудың пайдасы орасан. Ел астанасы – Анкараға жақын орналасқан шаһарлардың туристерді қызықтырар ерекшеліктері жетерлік.

Афион-Каракесир – туристерге таптырмас қала

Афион-Каракесир туризмге сұранып тұрған, келген адам өкінбейтін қала. Себебі, мұнда туризмнің түр-түрі дамыған. Оған табиғи байлығы, орналасқан жері толық сай келіп

тұр. Афион – апын деген сөзден шыққан. Әлі күнге дейін аймақта апын өсіріледі. Яғни, Афион апынды дәрі, дәмдеуіш үшін өсіруге Түркияда рұқсат берілген үш қаланың бірі. Афионға тіркелген Қаракесир атауы қорған дегеннен шыққан. Қаланың шетінде көне қорғанның белгілері тұр. Әрі қаланы жағалай қоршап жатқан таулар Каппадокияны да көз алдыңызға әкелгендей болады. Осы тау аңғарын жаңа заманға сай безендіріп, қонақтарға қолайлы жағдай жасаған. Оның әдемілігіне қызыққан жақын аймақтағы жұрт неке қию, ғашығына сөз салу, сүйіктісімен кездесу секілді шараларды осында өткізуді дәстүрге айналдырған.

Афион мраморының көптігімен, ыстық суының емдік қасиетімен де танымал. Сондықтан бұл жерде бүгінде емдік туризм жақсы дамыған. Бүгінде ыстық судың шипасын көруге келетіндерге арнап салынған емдеу, сауықтыру санаторийлері көп, олардың қызмет көрсету сапасы да көпшілік қалауына сай. Қайнардан шыққан суға сұраныс та жоғары. Та-

ТУРИСТЕРДІҢ ТАҢДАУЫ - ТҮРКИЯ

рихи тұлғалар көп жерленгендіктен, зиярат етушілер де баршылық.

Афион – музейге де бай. Қалада бір-бірінен ерекшеленетін музей көп. Соның ішінде Археологиялық музейдің орны бөлек. Музейге кіргеннен қаланың мрамор орталығы екені анық аңғарылады. Мрамормен көмкерілген тарихи экспонаттар бірден өзіне тартады. Мұндағы жәдігерлер сонау қола, мыс дәуірінің белгілері. Тіпті 15 млн жыл бұрын тірлік еткен мамонттың да қаңқасын табасыз. Сондай-ақ, ежелгі халықтың тұрмысы мен тіршілігінің эволюциясынан толық мәлімет алғандай әсерге

– Коньяға жақын орналасқан қала. 70 мың тұрғыны бар. Мұндағы көне мешіт Эшфорфоглудың тарихы XIII ғасырдан тамыр тартады. Ерекшелігі көп. 48 бөрене көтеріп тұрған мешіт балқарағайдан өрілген. Ағаш тұзу болып, өз қасиетін ұзақ сақтауы үшін алты ай суда ұсталып, содан кейін ғана құрылысқа пайдаланылған. Биіктігі 7,5 метр. Әрқайсысының диаметрі 40 см шамасында. Мешіттің дәл ортасына қарға арналып терең ор қазылған. Оған қыс бойы жақын жердің қарын жинап, мешітті салқындатуға пайдаланып, тоңазытқыш ретінде қолданған. Бейшехирдегі көлдің де

дегенді білдіреді. Султан Ала аддин Кей-Кубад I арнайы шақырып алдырған Румиді халық «Мевлана» атаған. 1273 жылы ақын осы музей тұрған орынға жерленген. Румидің шәкірті кейіннен ұстазының басына мавзолей тұрғызған. 1926 жылдан бері бұл мавзолей музей ретінде жұмыс істеп келеді. Бұл жерден құран кітап, киім, бұйымдардан бөлек, музей, мавзолей, мешіт және оқу бөлмелерін көруге болады

Түркия таңғалдырудан жалықпайды

Коньяға табанымыз тигеннен кейін бірінші барғанымыз – Мевлана музейі. Румидің құрметіне жасалған алып мавзолейді өз көзіңмен көру, аурасын сезіну бөлекше. Қаланы аралағанда ескі мен жаңаның қатар қолданылғанын байқадық. Ал біз орналасқан НІСН қонақүйі дәл Мевлана музейінің жанында екен. Әр таңды азаннның әуезді үнімен бастауға себеп болған бұл қонақүйді Серкан Ванлы 2013 жылы ашқан. Бұл кісі ел аралап, жер көргенді, саяхаттай жүріп өзіне ерекше ұнаған детальдарды қойындәптеріне түртіп алуды әдетке айналдырған. Қонақүй – сол ерекше идеялардың жемісі.

Расында Түркияда заманауи үлгіде жасалған, сәннің соңғы жетістіктерін паш ететін қонақүйлер жетерлік. Ал бұл қонақүй Түрік елінің көне тарихы мен дәстүрін бүгінгі өмір салтымен үндестіре білумен құнды. Қонақүйге кіргенде тас дәуіріне енгендей әсерде боласыз. Бірақ, жайлы төсек, жарық та сәулетті бөлмедегі заттардың бәрі бүгінгі жаңашылдыққа сай. Коньяның дәл жүрегінде, Мевлананың жанында орналасқан НІСН қонақүйі әр туристің көңілінен шығарына күмән жоқ.

Айнұр СЕМБЕВА,
«Заң газеті»



бөленесіз. Ең қызығы, осы жерде түрлі тарихи мәселелерді талқылап, ғалымдар басын қосу үшін арнайы орын берілген. Музейде тарихи деректерді түгендеудің аурасы мүлде бөлек болары даусыз,

маңызы зор. Ені 20 шақырым, ұзындығы 45 шақырымға созылып жатқан көл балыққа бай.

Мевлана музейі

Конья қаласына келгендер міндетті түрде бас сұғып, зиярат жасайтын орын – Мевлана музейі. Бұл музей парсы ақыны Румидің құрметіне жасалған. Мевлана – «біздің мырза»

Мешіттер мекені

Афион қаласы Бейшеһер қаласымен жалғасып жатыр. Бейшеһер

ПІКІР

ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІ - ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Мемлекеттік тілге қатысты мәселе аз емес. Еліміздің Конституциясы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп таниды.

Дегенмен, көп жағдайда мемлекеттік тілден гөрі орыс тілінің басым екені байқалатыны жасырын емес. Сондықтан, қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекеттік деңгейде түрлі іс-шараларды жиі ұйымдастыру қажет. Іс қағаздарындағы мемлекеттік тілдің сапасы артса, қоғамның да тілге деген құрметі мен сұранысы арта түсері сөзсіз. Осы бағытты дамыту үшін мемлекеттік қызметтік қай саласы болсын қызметкерлерді емделік, лексикалық, стильдік қателерсіз жазып үйрететін арнайы курстар

ашуды жөн деп санаймын. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары мемлекеттік тілге қатысты нақты іс-шаралар сөйсіліп, филологиялық тұрғыда сапасы сын көтермейтін сөздіктер мен аудармалар жарық көрді. Сөз тіркесінің және сөйлемнің грамматикалық құрамына сәйкес келмейтін сөйлемдер көбейіп, қызметке қажетті терминдер қазақшаға сапалық аударылды. Осылайша қазақ тілі орыс тілінің аудармасына, қазақша нұсқадағы баламасына айналды. Оны заңнамалардың орыс тілінде қабылданып, қазақ тіліне ау-

дарылатынынан да байқауға болады.

Тарихқа үңілсек ақын-жыраулар бүгінгі ұрпаққа өнерін өнеге етіп қазақ тілінде қалдырса, хандар мен шешендеріміз ана тіліміз арқылы шиеленіскен дауларды шешіп отырған. Бертін келе, яғни XX ғасырдың басында тіл мәселесіне қатысты көптеген еңбек жазып, термин жасау ісіне ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі де бірегейі Халел Досмұхамедұлы болатын. Оның еңбектері негізінен әдеби тіл, жерсу аттары, аударма, түркі тілдерінің тарихы, көне сөздердің мағыналарын және шығу тегін ашуға арналған.

Қазақ тілі – ата-бабамыздан мирас болып келе

жатқан баға жетпес мұра. Олай болса әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, көркейтуге, оның тазалығын сақтауға тиіс. Осы орайда алаш ардақтысының бірі М.Жұмабаевтың «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деген ұшқыр сөзі ойға оралады. Сайып келгенде, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі мен беделін көтеруге мемлекеттік тұрғыда қолдау болса, әрбір азамат атсалысарына сенім мол.

А.ӘУБӘКІР,
Зайсан аудандық сотының судьясы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ШАРА

ҚАРТТАР ЖҮРГЕН ЖЕР - БЕРЕКЕ



Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 15 мамыр Халықаралық отбасы күні болып белгіленген еді. Жиырма жылдан бері қолданыста болған бұл мерекенің мақсаты – отбасы институтының маңызын арттыру, шаңырақтағы бірлік пен ынтымақты нығайту, аға буын мен кейінгі буын арасындағы сыйластықты сақтау. Алматы қаласы Жетісу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы биыл Халықаралық отбасы күнін ерекше атап өтті.

Салтанатты шараға орталықтың тұрақты қатысушылары шақырылды. Бұрын түрлі салада қызмет етіп, зейнетке шыққаннан кейін де қоғамның дамуына, отбасындағы тәрбиенің ақсамауына ауқымды үлес қосып жүрген қарттардың отбасы күнінде жастарға айтар ақыл-кеңесі, ұсыныс-тілегі аз болмады. Мысалы 67 жастағы Гүлмира Шамирова зейнетке шыққанша аспаз болып еңбек еткен. Екі қызынан 7 жиен көріп отырған зейнеткер қазір де жастарды еңбекке бауладан, айналасына дұрыс жол көрсетуден жалыққан емес. Ал 81 жастағы Жібек Нөкенова болса өмір бойы есепші болған ана. Еңбекте озат болған ардақты жан 7 бала тәрбиелеп өсірген. Бүгінде 20 немересі мен 8 шөбересінің аяулы әжесі. Жібек апамыз да жастарға үнемі өсиет ретінде «Үйренемін, еңбек ететімін деген адамға мүмкіндік мол. Отбасындағы тәрбиенің, тәлім жоғары болуы үшін ата-ана балаларына жақсы бағдар беріп, тұзу жол нұсқауы керек. Өзің жұмыс істемей отырып, балаңды еңбекке баулимын деу бекер. Өйткені, бала үшін ата-ана айна іспеттес. Бала – ата-ананың көрсеткен жолымен жүреді» дегенді айтудан шаршаған емес.

87 жастағы Ажар Якупованың да жастарға айтар өнегесі аз емес. Жеті баласынан 20 немере, 12 шөбере көрген Ажар апамыз сегіз қырлы, бір сырлы жанның бірі. Қанша жасқа келсе де өзі үйренуден, өзгені де үйретуден жалықпайтын мұндай қариялар – халықтың қазынасы.

Шара барысында қариялар отбасының маңызы, бала тәрбиелеудің, немере, шөбере бағудың басты қырларына тоқталды. Өз тәжірибелерімен бөлісіп, өнерлерін, білгендерін паш етті.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде студенттердің тәжірибесін шыңдау мақсатында «Заң клиникасы» ашылған. Өзінің тарихын сонау 1993 жылдан бастаған бұл орталықтың жас мамандарға берері көп. Қазақстандағы студенттердің ең алғашқы «Заң клиникасы» жиырма жыл ішінде іргелі істерге мұрындық болды.

Студенттердің бастамашылық етуімен жұмысын бастап, жылдар бойы жаңа бастамалардың жаршысы болып келген бұл орталық шәкірттеріміздің маман ретінде шыңдалуына көмектесті. Сонымен бірге, студент жастардың өзін кәсіби заңгер ретінде сезініп, азаматтармен қоян-қолтық жұмыс істеуіне ықпалын тигізді. Орталық түлектер

«ЗАҢ КЛИНИКАСЫНЫҢ» СТУДЕНТТЕРГЕ КӨМЕГІ КӨП

мен білікті мамандардың пікір алмасатын, тәжірибе арттыратын алтын көпір болғанын да атап өтуіміз керек. Өйткені, азаматтардан көп түсетін сауалдарды іріктеп, арнайы тақырып бойынша ізденетін жастар білікті мамандардың кеңесіне жиі жүгінеді. Бұл олардың тәжірибелі мамандармен байланыс орнатып, өз қабілет-қарымын көрсетуіне, сол арқылы тезірек жұмыс табуына көмектесері анық.

Халықтың қажетіне жарау, елдің көңілінен шығу оңай емес. «Заң клиникасы» студенттердің елмен етене араласуына жол ашты. Олар азаматтардың жанайқайын естіп, құқықтық көмек беру арқылы өздерінің сөйлеу дағдысын, тыңдау мәдениетін қалыптастырды. Азаматтармен араласып, заңды түсіндіруге, құқықтық сауатты көтеруге машықтанады.

Заң факультетінің студенттері үшін

практикалық база рөлін атқарып келе жатқан орталық бүгінгі күнге дейін халықтың әлеуметтік осал топтарына ауқымды көмек көрсетті. Адам құқығын қорғауға ықпал ету; құқықтық тәрбие бойынша білім беру; заңгер студенттерді кәсіби шеберлікке, әлеуметтік жауапкершілік пен адалдық сезімдерге тәрбиелеу; халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына құқықтық көмек көрсету; елдегі құқықтық сауатсыздықты жою арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал ету мақсатында құрылған бұл орталықтың әлі талай студенттердің білікті маман ретінде қалыптасуына қызмет етері даусыз.

Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА,
заң ғылымдарының кандидаты
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
заң факультеті



мекеме ретінде өзара құжат айналымын тек мемлекеттік тілде жүргіземіз. Алайда, кейбір жағдайда мемлекеттік орган бола тұра, сотқа құжаттарды орыс тілінде жолдайтындар кездесіп тұрады. Әсіресе, банктер мен коллекторлық бюролар жіберетін талап арыздар орыс тілінде беріледі. Бұл дұрыс емес. Еліміздің егемендігін алғанына, міне, 30 жылдан астам уақыт болды. Солай бола тұра мемлекеттік мекеменің кіріс құжатының төмен көрсеткіш көрсетуі өте ұят, – деді Д.Төленбеков өз сөзінде.

Сыбайлас жемқорлық мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жаяды. Өкінішке қарай ол бүгінгі күнге дейін жойылмай отыр. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіруде.

ПАРАҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Халық қазіргі таңда парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесу қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын барлық лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпауы жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру және оны тарту процесін тежейді, сондай-ақ, демократиялық қоғамның саяси және қоғамдық салаларына теріс әсер етеді және елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді.

Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Әр саланың дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Атап айтқанда, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұрып, тосқауыл қоюға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың борышы деп білу керек. Сол кезде ғана елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді.

А.АХМЕТЖАНОВ
Ақмола облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты кеңсесінің
сот приставы

ҚҰЖАТТАР ҚАЗАҚША «СӨЙЛЕЙДІ»

Байзақ аудандық сотының төрағасы Досжан Төленбековтың төрағалығымен жақында соттағы құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесін ұлғайту мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Маңызды шараға Байзақ аудандық әкімдігінің бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері мен аудандық кірістер басқармасынан, Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) орталық аурухана, халыққа қызмет көрсету орталығынан арнайы өкілдер қатысты.

Сот төрағасы бірінші кезекте соттағы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі бойынша статистикаға тоқталып өтіп, кіріс

құжаты көрсеткішінің төмендігіне көпшілік назарын аударды. Соған орай тіл саясатын іске асыру үшін мемлекеттік тілді жандандыру, тілдің тұғыры мен мәртебесін көтеруде құжаттардың қазақша толтырылуына мән беру қажеттігін қозғады.

– Байзақ ауданындағы мемлекеттік органдардан көп жағдайда сотқа хаттар қазақ тілінде келіп түседі. Өйткені, біз мемлекеттік

Сондай-ақ, төрағалық етуші мемлекеттік тілді дамыту және мәртебесін көтеру мақсатында соттың ұйымдастыруымен бірнеше рет дөңгелек үстел өткізіліп, БАҚ-та мақалалардың қазақ тілінде жарияланып жатқанын атап өтті.

Іс-шараға қатысушылар өзара пікір алмасып, алдағы уақытта сотқа хаттарды тек мемлекеттік тілде жолдайтын болып уағдаласты.

Байзақ аудандық сотының
баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӨРТҮРЛІ

8. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172695037, 87172695058.

12. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 16.05.2023 жылғы ұйғарымымен «Климат Гарант» ЖШС-не (БСН 080140016476) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

13. «Сапа Алматы» ЖШС, БСН 090340003942, жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 050039, ҚР, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Домбровский көшесі, 3А үй.

15. «Халық дербестігі» республикалық саяси партиясы саяси партия ашу ниеті бар екендігін хабарлайды. Құрылтай съезінің (конференция) өтетін жері: 050060, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 60. Өткізілетін уақыты: 2023 жыл 27 мамыр, сағат 17.00-де.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

МҰРАГЕРЛІК

3. 25.11.2022 ж. қайтыс болған Ақманбетова Злиханьң қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С. Жанакұлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел.: 87052700001.

БАНКРОТТЫҚ

4. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 17 мамырдағы ұйғарымы бойынша «ГАС-Монолит» ЖШС-н (БСН 151240004884) банкрот деп тану туралы іс қозғалды.

14. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 15.05.2023 ж. ұйғарымымен «Kerim Media» ЖШС-не қатысты, БСН 210940028608, Астана қаласы, Г. Әлиев көшесі, 2 үй, 94 пәтер, тел.: +77003000087, банкроттық туралы іс қозғалды.

ТАРАТУ

2. «Қайдауыл елі» қоғамдық қайырымдылық қоры, БСН 160640016118, берілген күні 17.06.2016 ж., өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Есенберлин көшесі, 6 үй, 8 пәтер. Тел.: 87015166850.

5. «Rent2022» ЖШС (БСН 220140014325) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ұлытау обл., Сәтбаев к., Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, ғимарат 108А.

6. «DOMINGO S.L.» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 110440004742) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қ., Нұра ауданы, «Комсомольский» тұрғын үй алабы, Қарашаш Ана көшесі, 16/1 үй, т.е.б 1.

7. «АХХІ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары осы хабарлама жарияланған кезден бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ж.Ақбаев көшесі, 3 үй.

9. «VistaPro» ЖШС, БСН 130140024551, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы, Төле би көшесі, 150, 54, тел.: +77011118113.

10. Қазақстандағы «IABG MBH» («ИАБГ МБХ») қоғамының өкілдігі, БСН 120642012882, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 188, 802 кеңсе.

11. «АЛИ КОНСТРАКШН» ЖШС, БСН 170440019830, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қосшағыл, 2 учаскок, 37. Тел.: 87011201377.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru, Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ant@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарызы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ша/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиббаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен санда)

Тал арасына апарысымен, Гена да Катяның кимдерін жыртылап, шешіндіре бастағаны сол еді, алысып, жандалбаса қылған қыз зорлықшылдың сңірлі, тара-мыстай білегін оңдырмай қыршып алды. Қорқау қарақшының білегінен қою, кара қосқыл қан зу ете түсті.

— Ах, ты... За это сейчас с тобой от-квитаюсь!

Бір сәт босаңсып қалған Геннадийдің шеңгелді қолынан сыйтылып шыққан қыз жартылай жалаңаш күйінде қаша жөнелді. Жанталаса жүгіріп келе жатып:

— Люба, вырвишься. Убегай! — деп, арпа-лысып жатқан сңілісіне айқай салды. — Вырвишься... Я тебя сейчас по швам разорву...

Ұзын сирақты Коркин қойсын ба, жаңшыра далбасалап қашып бара жатқан қызды оншақты қадамнан соң-ақ қуып жетіп, аяғынан қырка шалды. Қалпақтай ұшып түсіп, ауырысқаннан сұлқ жатып қалған бейбақтың шашынан сығымдай ұстап, әлгіндегі тал түбіне қарай сүйрей жөнелген зорлықшылдың әрекеті — қорқы-ныштан дірілдеп дәрменсіз күйге түскен лақты тартқан қорқау қасқырды көзге елестеткендей еді.

— Керегі жоқ. Керегі жоқ, ағатайлар. Сіздердің де біз сияқты қарындастарыңыз бар шығар...

— Екеуіміз де әлі пәкпіз. Ағатайлар, аяй көріндер! — деп, қосыла шырқырай жы-лаған қыздардың құлындағы дауысы екі аяқты хайуандарға шыбын шаққандай да әсер етпеді.

— Біреулердің ластап тастап кеткен қалдығы емес, пәк болғандарың бізге тіптен жақсы. — Жемтікше үймелеген кара қарғаларша қарқылдап, дарақылана күл-ген қайырымсыздардың дауысы неткен қорқынышты еді...

Шамаларының жеткенінше арпалысып, жандалбасалап қарсылық танытқан қыз-дардың үстіндегі киімінің парша-паршасы шығып, әр жерде шашылып қалды. Енді бір сәтте екеуінің де: «мама, мама, спаси! Ой, больно...» — деп еңірей жылаған да-уыстары бірі-бірінен оншақты қадам ғана қашықтықта біткен екі шоқ талдың түбінен қатар шықты.

— Повезет, так повезет, старина. Кто подумал, что при старости нарвемся на цельных телок, — деп, қарқылдаған Кор-киннің сөзіне Палкин да қосыла, дарақы-лана күлді. — Давай, это дело отметим. Братан, разливай...

Арсыз, жымсықы күлкілері мен өздері-не өздері бек риза түрлерінде, бейкүнә, шарасыз сәбилердің арна дақ, жүрегіне жара салу қиянаты емес, ата жүзімен қан майданда жан алысып, жан беріскен соғыста жеңіп, сол жеңісіне масайрап, шалқыған кейіп бар.

...Ертеңінде тал бозынан Жетісу ауылы-ның табынын жаюға шыққан екі бақтыз өзен жағасындағы жантүршігерлік оқиға-ның орнын көргенде, көздері шарасынан шығып, шалқаларынан түсе жаздады.

Қайырым, мейірімнен жүрдей, «адам» деген аты болмаса, екі аяқты мақұлықтан еш айырмасы жоқ қос малғұн, балалық шақтың бал қызығана тойып та үлгерме-ген, шарасыз жатқан балғын үлдірші-дерді ұзақ тұн бойына бірнеше реттен «да-вай обменимся» деп кезектесе ауыстырып қорлаған еді. Жабайы, айуандық құмарла-ры тоятпаған соң, ес-түссіз, тыр-жалаңаш қалпында жатқан қос бейбақтың екеуін де сол жерге тастап, жарықтан қорқатын қасқырларша, таң біліне қарғыс атқырлар өз жөніне кеткен болатын.

Ата-анасының үміт етіп, әлпештеп отырған қос тал гүлі мезгілінен ерте ұма-жалдып, лас аяқтарың астына тапталып қалды.

...Ал зорлыққа ұшырап, ес-түссіз жатқан қос қыз аурухананың жан сақтау бөліміне жатқызылды. Арада алты күн өткен соң Катя жалпы палатаға ауыстырылды. Ол жаңа палатаға шыға алысымен, тәжірибелі психолог-дәрігер Айман Асқа-рова келіп қыздың жанына отырып, сөзге тарта бастады:

— Менің атым — Айман. Катюша, денсау-лығың қалай? Әжептәуір дұрысталап қалды ма, айналайын? — деп, маңдайынан аялай сипап, сөзін әрі жалғады. — Температурға жоқ сияқты, басың ауырып тұрған жоқ па?

— Жақсы апай. Тек сұмдық оқиға ойыма түскен сайын, денем қорқыныштан қалты-рап, жүрегім атқылап кетеді.

— Жағдайыңды түсінем, жаным. Ол туралы ештеңені есіңе түсірмеуге тырыс, ойыңа да алма. Ол бір қорқынышты түс деп ойла да, сонымен шектел...

Өткен істі зәбірленушінің есіне түсір-мей, тезірек ұмыттырып, қалыпты жағдай-ға келтіру мақсатында, әңгіме әуенін өзгерте қойды.

— Катюша, сен нешінші сыныпта оқып жүрсің?

— Сегізінші сыныпта оқимын. Сңілім Люба жетінші сыныпта оқиды.

— Сонда екеуіңнің жас аралықтарың бір жыл ма, жаным?

— Жоқ, апай. Арамыз екі жас. Любаша менен екі жастай кіші. Бірақ, мектепке алты жастан барған. Соның өзінде өз сы-ныптастарыңды алды. Өткен жылы мате-матика пәнінен облыстық олимпиадаға қа-тысып, ең жоғары балл алды. Тек, тезірек сауығып кетсе екен, Любашам... — деп, сөзінің соңын кемсендеп бітірді.

— Жаман ойлама, жаным. Құдай бұйыр-са, сңілің жазылады. Әлі талай олимпиа-даларға қатысып, жеңіске жетіп, бәрімізді қуантатын болады...

Ертелі-кеш осындай психолог-дәрі-гердің тренинг-жаттығуларының нәти-жесінде, Катя Пономореваның беті бері қарап, сауығуға бет бұрды.

Ал, Любаның жағдайы онша болмай тұр. Көзі ілініп, кірпігі айқаса бастаса бол-ды, еңірей жылап, шошып оянып кетеді. «Мама спаси...», «Катя, скорее убегай...» деп үрейлене шыңғырып, жатқан орнынан

сақтаныздар. Өз ойларыңызды кезекпен айтаңыздар, жігіттер, — деп басу айтып қояды. Майор Сіләмов оперативтік топ мү-шелерінің айтқан уәждерін мұқият тындап: — Айтқандарыңызды тыңдасам, бар-лығыңыз қауырт қимылдап жатырсыздар. Бірақ, нақты нәтиже көрінбейді. Бұл сонда қалай болғаны? — деп, залдағы әріптес-терінің бетіне сынағандай, кезекпен ба-жайлай қарап шықты.

— Аудан тұрғындарымен тығыз жұмыс жасаңыздар. Олардан түскен болмашы деректің қылмыстың ашылуына көмегі ти-етінін есте ұмытпаңыздар. Қай қылмыскер «бұл істі мен жасап едім» деп мойындай қойсын. Көше-көшені аралап, бұрыннан жасырын ақпарат беріп жүрген агенттер-мен тығыз байланыста жұмыс жасаңыздар.

Әркім өз ойларын білдіріп, талқылау аяқталғанда, майор Еркін Сіләмов қылмыс-ты іздеу бөлімінің бастығы капитан Эрик Намға:

— Эрик, бөлім бастығы ретінде сіз не айтасыз?

— Жігіттерім күн-түн демей шапқылап жүр. Қылмыс болған жерден із кесу, зат-тардағы саусақ таңбасын түсіріп, базадағы

Кеше тағы да әдеттегідей ойланп отырға-нымда, көз алдыма сол сурет сумаң етіп келе қалғаны...

— Ой, айналайын, мынау өте маңызды деталь ғой...!

— А, айтпақшы, біз отырмақ болған «Жигулидің» оң жақтағы артқы есігінің тұтқасы сырттан ашылмайды екен. Мен ашақ болып әуреленіп жатқанымда, жүр-гізушінің оң қапталында отырған жауыз арт жаққа бұрылып, есікті іштен ашып жіберген. Сол мезетте оның оң жақ біле-гіндегі «Не забуду мать родную» деген жазуға көзім түскен болатын...

— Айналайын, Катюша, сен бізге қан-шалықты маңызды көмек көрсетіп отырға-ныңды білесің ба! Рақмет, саған, — деп қу-анып кеткен капитан үйден тезірек шығып, «темірді қызған кезінде соғуға» асықты...

...Сержант Ермек Ахметов екі жылдық әскери міндетін Ресей жерінде өткізіп келісімен, қалалық әскери комиссариатқа есепке тұруға келген. Майор шеніндегі әскери комиссар Келімбетов Ермектің құ-жаттарын көріп:

ҮКІМ БҮГІН ОҚЫЛАДЫ...



— Бәрекемді, сержант Ахметов, біздің құқық қорғау саласына өзіңіз сияқты іскер, жауапкершілікті жақсы сезінетін патриот жігіттер керек, — деп, аудандық Ішкі істер бөліміне қызметке келуге ұсыныс жасаған.

— Сеніміңізге рақмет, комиссар мырза! Бірақ, мен биыл жоғары оқу орнына түсуді көздеп, соған іштей бекініп жүрген едім...

— Ол талабыңыз өте дұрыс. Органда қызмет істеу арманыңыздың орындалуына кедергі болмайды. Қайта болашақта біз беретін жолдама арқылы институтқа түсу жеңіл болады. Ойлаңыз, — деп шығарып салған. Материалдық қиындық көрген жігіт анасымен ақылдаса келе, осы құқық қорғау қызметіне баруды жөн деп шешкен. Басында қалалық ІІБ кезекшісінің көмек-шісі болып қызметін бастап, еңбегінің нәтижесінде тасы өрге домалай бастады. Бүгінде беделді уәкелет инспектор.

...Атышулы қылмыстан соң, кардон-дағы тұрғындардың үлкендерін ғана емес, жасөспірімдерін де түстеп танытын, тіпті, қай жаңа қанша, қандай мал ұстайтынын да білетін капитан Ахметов аумақтағы әр үйге кіріп, шым-шымдап сыр суырт-пақтаған. Ермек Сәкенұлы тап сол қылмыс жасалған тұста, бұрын үш рет сотталған, «хромой Семен» кличкалы Семен Сальков-тың тамырын басып көрген. Бірақ, Сальков сыр бермеді. Шынында, Семен араққа тәуір қарағанымен, Ахметовтың өзімен бір-жар рет өткізген профилактикалық әңгімесуден соң, сақтық танытып жүретін. Аяғын аңдап басып, бұйырған арағын үйде ішіп, көшеге шығып көлбеңдеуді қойған.

...Енді, Әйткені, кардондағы әр тұрғын-ның ауласын аралап, сұрау салу кезінде, қылмысқа қатысты көне көк «Жигулидің» сол Семеннің үйіне келгенін біліп алған болатын. Оған қоса зәбір көруші Екатерина Пономореваның есіне түсіп, қолмен қой-ғандай етіп көрсеткен бүгінгі дәлелдерден соң, бұл қылмыстық жағдайдың толық көрінісі айқындалған. Тек, фактілерді салыстыру мен куәгерлерді беттестіру ша-ралары ғана қалған.

— Азамат Сальков, тұрыңыз! Ұйқыңыз-дың уақыты аяқталды! — деген зілді дауыс-тан, кешегі іштен кейін ес-түссін білмей қорылдап жатқан Семен ұйқысынан шо-шып оянда. «Қорыққанға қос көрінер» демекші, үстіне төне түсіп тұрған әлдебір көмекші сұлба өзінің жанын алуға келген әзірейілдей көрініп кетті. Көзін ұқалап жіберіп анықтап қарағанда, қарсы алдын-дағы капитан поғонындағы полиция қыз-меткерін көрді. Бір сұмдықтың тақалғанын сезіп, сасқалақтап қалған ол: — Не болды? Сіз мұнда не істеп жүрсіз? — Тез жиналыңыз. Бөлімге барып сөй-лесемі.

Басында абдырап қалғанымен, сол арада өзіне-өзі келіп үлгерген Семен «қорғаныстың ең тиімді түрі — шабуыл» қағидасы бойынша қырыл аралас дауыс-ымен айқайға басты:

— Тұтқындау үшін қолыңызда проку-родың санкциясы бар ма? Жоқ екенді-гіне нық сенімдемін. Мен прокуратураға шағымданамын!

— Занды көп оқыған болсаңыз, міне: Қылмыстық процессуалдық кодексте: «Полиция қызметкері 132-баптың 1-тар-мағы негізінде, күдікті адамның қылмысқа қатыстылығын анықтау мақсатында, оны ішкі істер бөлімінде үш тәулікке дейін ұстауға құқылы» деген бап бар. Сальков, көп қиқанды қойыңыз да, дереу киініңіз. Бос байбаламмен уақыт алмай, аудандық Ішкі істер бөліміне жауап беруге жүріңіз...

«Сезікті — секіреп» деп, қазақ айтқан-дай, капитанның қайта оралып соққан келісінен секем алған «хромой» сырт көзге сыр бермеуге тырысқанымен, жүрегі зу ете түсті. «Біткен жерім осы, ертеңгі барар

жерім баяғы қапас түрме болады» деген сұмдық ойдан тамағына өксік тығылып, жанарына үйірілген жасты капитанға көрсетпеу үшін жүзін теріс бұра берді. Сол қорқынышты ойдың жетегіне еріксіз бойлай еніп, ұнжарғасы түсіп кеткен «хромой Семеннің» тарамыс қолдары қалтырап, шарасыздық күймен әр кімін бір ұстап, сөлбіреген қалпында жәйлап киіне бастады.

— Сонымен, Сальков, өткен жолы «Гена — крокодил» кличкалы Геннадий Коркин туралы берген сұрағыма: «ондай адамды танымаймын да, білмеймін» деп, жауап бергенсіз. Қылмыстық кодекс бойынша жалған жауап беру арқылы тергеу ісіне көрінеу кедергі келтірген адам — заң жүзінде жазаға тартылатынын да жақсы білесіз... Енді ешқандай сылтау мен ойдан құрастырған қитұрқы бұлтақтың бармақ ұшындай да көмегі тиімейтінін күдікті Саль-ков анық сөзді.

— Бастық капитан, мен бар көрген-біл-ген шындықты түк қалдырмай айтып беріп, тергеу ісіне көмек көрсеттім.

— Жақсы. Бұлтақтауып, баяғыда әң-гімені осыдан бастау керек еді. Бұл сіздің мойныңыздағы кінәні жеңілдететін заңды құқыңыз, — деген капитан Ермек Ахметов өз сейфіндегі дайын бланкіні шығарып, ар-найы протоколды толтыруға кірісті. Арада екі жарым сағат өткенде, Талдықорғаннан қанішер жауыздар Генадий Коркин мен Юрий Палкиннің қолына кісен салынып, Текелі ІІБ-нің алдын ала қамау (КПЗ) каме-расына тоғытылды. Артынша кезекші бөлмеден темір торлы тұраққа «хромой Семен» — Сальков та қамалды.

Басқы кезде ешкім көрмеген, білмеген, тұйық тығырыққа тіреп, ешқашан ашыл-мастай жерінген жан түршігерлік қылмыс-тық істің түйіні көп кешікпей, ұршықтағы жіпті бірте-бірте тарқатылып, шешіліп сала берді...

Күдіктілер мен куәгерлерді беттестіру, опыр-топыр болып, ойраны шығып жатқан қылмыстық оқиға болған аумақтың және айқыш-ұйқыш іздердің суреті, көне көк «Жигулидің» «878» мемлекеттік нөмірі мен сол машинаның артқы есігіндегі құлыптың (замоктың) ақауы — қос күдіктінің бұл-тақтауы мен сырғақтауына жолды жауып тастады. Зәбірленуші Екатерина Пономо-рева мен күдікті Юрий Палкиннің беттесеу сәті үш куәгердің қатысуымен өтіп жатыр.

— Азамат Палкин, оң жақ білегіңізді жалаңаштап, куәгерлерге көрсетіңіз...

— Менің білегімнің іске қандай қатысы бар, — деп Юрий Палкин бұлтақтамақ болып еді, Ермек Ахметов оны тыйып тастады. — Сіздің тәніңізді қызықтап тұрғамыз жоқ, Қасарыспай тезірек көрсетіңіз. Палкин амалсыздан жеңіп түріп, бі-легін жалаңаштағанда, иықтан сәл төмен түсындағы «Не забуду мать родную!» деп, інemen піскілеп жазылған көкішіл жазу сопаң етіп шыға келді... Осы сәтте Катя қыздың беті көгеріп дірілдеп, әлі құрғын ол денесін ұстай алмай: «Будь ты про-клят, фашист» дей берді де, сөзінің соңын айтуға шамасы келмей, сылқ ете түсті. Әбүйір болғанда, куәгердің біреуі қызды дер кезінде құшақтай алып, еденге құлап түсуден сақтап қалды.

... Қылмыстық оқиға болған күні «Же-дел жәрдем» машинасы ағайынды Поно-мореваларды қалалық аурухананың жан сақтау бөліміне жатқызған кезде, сот ме-дициналық экспертиза дәрігері зорланған қыздардың жатыр қынабынан анализ алған болатын. Кеше сот медициналық экспертиза дәрігері қос күдіктіні қамаған сәтте олардың да ұрығын анализге алған. Күдіктілер мен зәбірленуші қыздардан алынған ұрықтың сараптама қорытындысы сәйкес, талдама бірдей болып шықты.

Тергеу толық аяқталды. Қылмыстық іс Текелі қалалық прокуратурасына жі-беріліп, көп кешікпей прокурордың Айып-тау қорытындысы күдіктілер Семен Саль-ков пен Юрий Палкиннің, екінші данасы Пономоревтар әулетінің қолына табыс етілді. Арада он төрт күн өтті.

...Міне, кеше — бүгін алдын ала сот тергеуі өтіп, күдіктілердің қылмысы толық дәлелденіп, мойнына қойылды. Қала про-куроры Симакин, адвокаттар: Мақашев пен Сорокин, сот отырысының хатшысы Сақан Әллейсованың қатысуымен, судья Ғалия Беркімбаева төрағалық еткен про-цесс мәресіне жетіп, сот кенесуге кетті. Түстен кейін сот Үкімі оқылады.

Өттең, жәбірленуші Любовь Пономо-рева қос зорлықшы қарақшыларға тағай-ындалатын әділ үкімді ешқашан ести ал-майтындығы өкінішті. Ата-анасының аялы алақанында, махаббат пен сүйіспеншілікке бөленіп өскен ерке қыз, аяушылықты біл-мейтін, екі аяқты қатыгез қос қорқаудың жүрекке салған жарасынан күнәдан пәк, жаны нәзік Люба осыдан тоғыз күн бұрын есім жимаған күйі дүниеден озған еді.

Ғабдул — Сәбит ЮСУПОВ, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қаратау ауданының Құрметті азаматы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансапа Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадияр Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zankreklama@astana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, күн мұрагері жарық көреді. Жеке таралым 6610 дана Апталық таралым 11 220 дана Тапсырыс №73 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген категориясына байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газетті терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31